

Ы.Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы
«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру ұйымы

**«Қазақстан тарихы» пәні бойынша
қорытынды аттестаттауға арналған
спецификация**

9-сынып

Нұр-Сұлтан қаласы, 2020 жыл

МАЗМҰНЫ

1	Бағалау мақсаты	3
1.1.	Оқу бағдарламасымен өзара байланысы	3
1.2	Критериалды бағалау жүйесімен байланысы.....	3
2.	Емтихан жұмысының сипаттамасы	3
2.1.	Бағалау міндеттері.....	3
2.2.	Балдарды бөлу	4
2.3	Емтиханды өткізу тілі	4
3.	Емтиханды өткізу процесін басқару.....	4
4.	Емтихан жұмысына балл қою және баға беру үдерісі	4
5.	Бағалар сипаттамасы	5
6.	Тапсырмалар үлгілері және балл қою кестесі	6

1 Бағалау мақсаты


Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына (бұдан әрі – МЖМБС) сәйкес «Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім алушылардың оқу бағдарламасының көлемін меңгеру дәрежесін анықтайды.

1.1. Оқу бағдарламасымен өзара байланысы

Білім алушыларды қорытынды аттестаттау жаңартылған білім беру мазмұны бойынша негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін «Қазақстан тарихы» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын қамтиды. Білім алушылардың білімі мен біліктілігінің деңгейі, сондай-ақ дағдылары МЖМБС-ның күтілетін нәтижелерімен анықталады.

1.2 Критериалды бағалау жүйесімен байланысы

Қорытынды аттестаттау критериалды бағалау жүйесінің бөлігі болып табылады, осы жүйеге сондай-ақ қалыптастырушы және жиынтық бағалау кіреді.



2. Емтихан жұмысының сипаттамасы

Орындау уақыты	2 сағат
Емтихан жұмысы 2 бөлімнен тұрады. А бөлімі бір таңдауы бар 15 тапсырмадан тұрады. Онда берілген 4 жауаптың ішінен 1 жауапты таңдауы керек. Тапсырма 1 балмен бағаланады. В бөлімі қысқа және толық жауапты қажет ететін 3-5 тапсырмадан тұрады. Тапсырмалар 1-6 балмен бағаланады. Тарихи картаны (атлас) қолдануға рұқсат берілмейді .	
Барлығы	30 балл

2.1. Бағалау міндеттері

БМ 1	Білу және түсіну Білім алушылар Қазақстандағы әлеуметтік қатынастардың, мәдениеттің, мемлекеттің экономикалық дамуы туралы біледі, түсінеді.
БМ 2	Қолдану, жоғары деңгей дағдылары Білім алушылар себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді зерттейді; Қазақстанның тарихи дамуын, тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін саралайды; Қазақстанның даму үрдістерін, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін зерттейді, талдайды; проблемалық сұрақтарға

	жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді салыстыра талдау жүзеді; бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды салыстыра отырып, қорытынды жасайды; түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды қолданады, оқиды, зерттейді, талдайды.
--	--

2.2. Балдарды бөлу

Бағалау міндеттеріне сәйкес балдарды бөлу кестеде берілген.

Бағалау міндеттері	Барлығы
БМ 1	15
БМ 2	15
Барлығы	30

2.3 Емтиханды өткізу тілі

Емтихан оқу тіліне байланысты қазақ немесе орыс тілінде тапсырылады.

3. Емтиханды өткізу процесін басқару

«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 Бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылаудың, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес жүзеге асырылады.

4. Емтихан жұмысына балл қою және баға беру үдерісі

Емтихан жұмысына балл қою үдерісін балл қою кестесі негізінде аттестаттау комиссиясы жүзеге асырады.

Білім алушыларға қойылған балл, балдарды бағаға айналдыру шәкіліне сәйкес бағаға ауыстырылады.

Емтихан жұмысының балдары	Балдардың проценттік құрамы, %	Баға
0-11	0-39	2 (қанағаттанарлықсыз)
12-19	40-64	3 (қанағаттанарлық)
20-25	65-84	4 (жақсы)
26-30	85-100	5 (өте жақсы)

5. Бағалар сипаттамасы

Негізгі бағалардың сипаттамасы білім алушылардың мүмкіндік деңгейін анықтайтын белгілі бір стандарт жөніндегі жалпы түсінігін қалыптастыру үшін беріледі. Іс жүзінде білім алушыға берілген баға оның тапсырмаларды қалай орындағанына байланысты болады.

Баға	Сипаттамасы
5	<p>Білім алушылар пән бойынша терең білімін көрсетеді. Қазақстандағы әлеуметтік қатынастардың, мәдениеттің, мемлекеттің дамуы және Қазақстанның экономикалық дамуы туралы толық түсінігі бар. Себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді жоғары деңгейде зерттейді. Қазақстанның тарихи дамуын, тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін жоғары деңгейде саралайды. Қазақстанның даму үрдістерін, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін зерттейді, талдайды. Проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді салыстыра жоғары деңгейде талдау жүргізеді. Бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды жоғары деңгейде салыстыра отырып, қорытынды жасайды. Түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды жоғары деңгейде қолданады, оқиды, зерттейді, талдайды.</p>
4	<p>Білім алушылар пән бойынша білімін орташа деңгейде көрсетеді. Қазақстандағы әлеуметтік қатынастардың, мәдениеттің, мемлекеттің дамуы және Қазақстанның экономикалық дамуы туралы түсінігі бар. Себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді зерттеу қабілетін орташа деңгейде көрсетеді. Қазақстанның тарихи дамуын, тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін орташа деңгейде саралайды. Қазақстанның даму үрдістерін, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін зерттеу, талдау қабілетін орташа деңгейде көрсетеді. Проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді салыстыра орташа деңгейде талдау жүргізеді. Бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды салыстыра отырып, орта деңгейде қорытынды жасайды. Түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды қолдануда, оқуда, зерттеуде, талдауда орташа деңгейде дағдысын көрсетеді.</p>
3	<p>Білім алушылар пән бойынша білімін қанағаттанарлық деңгейде көрсетеді. Қазақстандағы әлеуметтік қатынастардың, мәдениеттің, мемлекеттің дамуы және Қазақстанның экономикалық дамуы туралы түсінігі жеткілікті. Себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді зерттеу қабілетін төмен деңгейде көрсетеді. Қазақстанның тарихи дамуын, тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін төмен деңгейде саралайды. Қазақстанның даму үрдістерін, қоғамдық, экономикалық, саяси және мәдени процестерін зерттеу, талдау қабілетін төмен деңгейде көрсетеді. Проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді салыстыра төмен деңгейде талдау жүргізеді. Бір тарихи оқиғаларға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды</p>

	салыстыра отырып, төмен деңгейде қорытынды жасайды. Түрлі таңбалы жүйеде (мәтін, карта, кесте, схема, дыбыс-бейне қатары) ұсынылған ақпараттарды қолдануда, оқуда, зерттеуде, талдауда төмен деңгейде дағдысын көрсетеді.
2	Білім алушыда пән бойынша базалық білімі жоқ.

6. Тапсырмалар үлгілері және балл қою кестесі

А бөлімі

Берілген А, В, С және D төрт мүмкін жауаптардың ішінен дұрыс **бір** жауапты белгілеңіз.

- Аңырақай түбінде жоңғарларға қарсы соққы берген, қазақ жасақтарына басшылық жасаған тұлғаны табыңыз.
 А) Жәңгір хан
 В) Тәуке хан
 С) Әбілқайыр хан
 D) Әбілмәмбет хан
 [1]
- Қазақтардың үштен екі бөлігі қырғынға ұшырады деген мәліметті Шәкәрім Құдайбердіұлы қай оқиғаның салдарынан деп көрсеткендігін белгілеңіз.
 А) Моңғол шапқыншылығы
 В) Жоңғар шапқыншылығы
 С) Ұжымдастыру саясаты
 D) Саяси қуғын-сүргін
 [1]
- Абылай кезінде хан билігіне енгізілген өзгерісті көрсетіңіз.
 А) Хан билігін шектеулі болды
 В) Сұлтандар билігі шектелді
 С) Билер кеңесі енгізілді
 D) Хан билігі шексіз болды
 [1]
- Бөкей Ордасында өткен ұлт-азаттық көтерілістің хронологиясын белгілеңіз.
 А) 1783-1797 жж
 В) 1836-1838 жж
 С) 1837-1847 жж
 D) 1856-1858 жж
 [1]
- "... жалпы жолдастарына, соның ішінде маған, ол еріксіз "Еуропаға ашқан терезе" сықылды болды", – деп Шоқан Уәлиханов туралы пікір білдірген тұлғаны белгілеңіз.

- A) Г.Потанин
- B) И.Березин
- C) Семенов Тянь-Шаньский
- D) Ф.Достоевский

[1]

6. Алаш партиясының төрағасын көрсетіңіз.

- A) А.Байтұрсынұлы
- B) Ә.Бөкейханов
- C) М.Шоқай
- D) М.Тынышпаев

[1]

7. 1927 жылы Мәскеуде, Майндағы Франукфуртта концерттер берген атақты әншіні табыңыз.

- A) Ж.Жабаев
- B) К.Әзірбаев
- C) К.Бәйсейітова
- D) Ә.Қашаубаев

[1]

8. 1909 жылы Германияның Кельн қаласында өткен жарыста неміс балуаны Вейланд Шульцерді жеңген атақты қазақ балуанын белгілеңіз.

- A) Қажымұқан
- B) Балуан Шолақ
- C) Ж.Үшкемпіров
- D) Е.Ибраимов

[1]

9. Қазақ тіл білімінің негізін салушы, қоғам қайраткерін белгілеңіз.

- A) А.Байтұрсынұлы
- B) Ә.Бөкейханов
- C) С.Сәдуақасов
- D) М.Дулатов

[1]

10. 1970-1985 жылдары көлге құятын өзендер суы азайып, металлургия кәсіпорындары өндіріс қалдықтары әсерінен ауыр металдар мен күкірт оксидтерінің мөлшері артқан көлді көрсетіңіз.

- A) Жасыбай
- B) Балқаш
- C) Зайсан
- D) Алакөл

[1]

11. Горбачев барынша қатқылдау сөйледі: «Бұл мәселені шешуді бізге қалдыр. Республикаға жақсы коммунист жіберіледі». Қазақстанда осы коммунистің келуімен орын алған оқиғаны белгілеңіз.

- A) 1958 жылғы Теміртау оқиғасы
- B) 1979 жылғы Целиноград оқиғасы

- C) 1986 жылғы Желтоқсан оқиғасы
- D) 1989 жылғы Жаңаөзен оқиғасы

[1]

12. Комитет дүниежүзі елдері мен КСРО үкіметінің назарын Арал теңізінің экологиялық апатына аударуда көп жұмыстар атқарды. Комитет кімнің бастамасымен құрылғанын табыңыз.

- A) О.Сүлейменов
- B) М.Шаханов
- C) Ә.Кекілбаев
- D) Д.Қонаев

[1]

13. 1993 жылы 15 қарашада Қазақстанда болған тарихи оқиғаны табыңыз.

- A) Мемлекеттік рәміздер қабылданды
- B) Жаңа Конституция қабылданды
- C) Президент сайлауы өтті
- D) Ұлттық валюта теңге айналымға шықты

[1]

14. 31 мамыр Қазақстанда ...болып белгіленген.

- A) 1986 жылғы қайғылы оқиғаның құрбандарын еске алу күні
- B) Саяси қуғын-сүргін құрбандарын еске алу күні
- C) Семей ядролық полигонының жабылған күні
- D) Ауған соғысы құрбандарын еске алу күні

[1]

15. Лондон олимпиадасының чемпионы, Вэл Баркер кубогына ие болған қазақ жерінен шыққан үшінші спортшыны табыңыз.

- A) С.Сәпиев
- B) Б.Саттарханов
- C) Е.Ибраимов
- D) А.Таңатаров

[1]

В бөлімі

16. Ұлт-азаттық көтерілістер туралы кестені толықтырыңыз.

Ұлт-азаттық көтеріліс/хронологиясы	Ұлт-азаттық көтерілістің жетекшілері	Көтерілістің мақсаты
1783-1797 жылдардағы көтеріліс	1.	Ғасырлар бойы қалыптасқан жерді пайдалану жүйесін қалпына келтіру, Орал казак әскерлерінің қазақ жерлерін басып алуын тоқтату, Кіші жүз Нұралы хан оның сарайындағы ақсүйектердің озбырлығына шек

		қою.
1837-1847 жылдардағы ұлт-азаттық көтеріліс	Кенесары Қасымұлы	2.
3.	А. Иманов Ә. Жангелдин Т. Бокин Б. Әшекеев	Отарлық езгіні тоқтатуға бағытталды. Жерді қайтарып, орыстандыру саясатын тежеу болды.

[3]

17. Суреттерді пайдаланып кестені толтырыңыз.

Берілген суреттерден қандай тарихи оқиға туралы мәлімет алуға болады?	
1-сурет	2-сурет
Суреттер негізінде мәліметтер келтіріңіз.	

[4]

Дереккөздерді пайдалана отырып, Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Қазақстан халқының жеңіске қосқан үлесіне кестеде аргумент және дәлелдер келтіріңіз.

А дереккөзі: «Ұлы Отан соғысы»

Фашизмді талқандауда КСРО құрамындағы ұлттар шешуші рөл атқарды. 500-дей қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Шығыс әйелдері ішінен бірінші болып Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова Кеңес Одағының Батыры атанса, ұшқыштар Т.Бигелдинов, Л.И. Беда, И.Ф. Павлов, С.Д. Луганскийге бұл атақ екі мәрте берілді.

Қазақстаннан майданға 1 млн. 200 мың жауынгер аттанды. Жауға атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды. Елімізде шоғырланған марганец пен

молибденнің 60%-ы біздің республикада өндірілді. Балқаш, Қарсақпай кен орындары соғыс жылдары өндірілген қара мыстың жартысынан астамын берді. Республика диқандары мемлекетке 360 млн. пұт астық тапсырды. Кеңес әскеріне Қазақстаннан 427 млн. снаряд пен мина, 17 млрд-қа жуық патрон, 13 млн. тоннадан астам жанар май, 40 млн. тоннаға жуық тамақ, азық-түлік жіберілді.

Ғаламтор материалынан бейімделіп алынды

<https://el.kz/kz/news/archive/content-1473>

В дереккөзі: Ұлы Отан соғысы кезіндегі шығарылған үндеу парағы.



Үндеу парағында: «Отан-ана шақырады!» деген жазу бар.

Ғаламтордан алынған сурет

18. Жоғарыда берілген деректерді пайдаланып, Ұлы Отан соғысындағы жеңіске тыл жұмысшыларының қосқан үлесі туралы аргумент жазып, оған дәлел келтіріңіз.

<i>Тылда</i>	
<i>Аргумент</i>	<i>Дәлел</i>

[3]

19. Жоғарыда берілген деректерді пайдаланып, Ұлы Отан соғысындағы жеңіске батырлардың қосқан үлесі туралы аргумент жазып, оған дәлел келтіріңіз.

<i>Майданда</i>	
<i>Аргумент</i>	<i>Дәлел</i>

[3]

20. «Қазақстан - 2030» және «Қазақстан – 2050» ұзақмерзімді Стратегияларын қабылдау қажеттілігі неден туындағандығын анықтаңыз.

«Қазақстан-2030»	«Қазақстан -2050»

[2]

Балл қою кестесі

Тапсырма №	Жауап	Балл	Қосымша ақпарат
А бөлімі			
1	C	1	
2	B	1	
3	D	1	
4	B	1	
5	A	1	
6	B	1	
7	D	1	
8	A	1	
9	A	1	
10	B	1	
11	C	1	
12	B	1	
13	D	1	
14	B	1	
15	A	1	
В бөлімі 16	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сырым Датұлы 2. Кенесары Қасымұлы отаршылдық езгіге қарсы күресті, алым-салықтың көлемін азайтып, мал жайылымдарын қайтарып алуды мақсат тұтты. 3. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс. 	3	Кенесары көтерілісінің басқа да мақсаттарын жазса қабылданады.
17	<i>1-сурет</i> 1930 жылдардағы саяси қуғын-сүргін жылдарына қатысты сурет.	1	Сурет мазмұна сай басқа да сөздермен жазылған жауап қабылданады. Басқа да дұрыс деректер келтірілсе жауап қабылданады
	<i>Мәлімет</i> 1937-1938 жылдардағы саяси қуғын-сүргіннің салдарынан қазақтың зиялы қауым өкілдері жазықсыз жазаланды. Олардың қатарында Алаш қайраткерлері Ә.Бөкейханов, А.Байтұрсынов, М.Дулатов та болды.	1	
	<i>2-сурет</i> Отанына опасыздық жасағандардың әйелдерінің Ақмола лагері.	1	
	<i>Мәлімет</i> Отанына опасыздық жасағандардың әйелдерінің Ақмола лагері, кейін баршаның аузында АЛЖИР аталып кеткен азап орталығында 20 мыңға дейін нәзік жандар қамауда болған. Осынау тозақ орталығында небір ел жайсаңдарының зайыптары, қыздары мен қарындастары жазықсыздан-жазықсыз жапа шекті	1	
18	<i>Ұлы Отан соғысындағы жеңіске тыл жұмысшыларының қосқан үлесі</i>	1	Дерек жазып оған дәлел

	<p><i>1-аргумент</i> Жауға атылған әрбір он оқтың тоғызы Қазақстан қорғасынынан құйылды. <i>Дәлел</i> Елімізде шоғырланған марганец пен молибденнің 60%-ы біздің республикада өндірілді.</p>		<p>келтіргені үшін 1 балдан беріледі</p> <p>Басқа да дұрыс жауаптар қабыладанады</p>
	<p><i>2-аргумент</i> Республика диқандары мемлекетке 360 млн. пұт астық тапсырды. <i>Дәлел</i> Тылдағы еңбекшілер жоғарыдан берілген жоспарды орындау барысында күні-түні еңбек етті. Соғыстың бірінші жылы мемлекетке 100 млн. пұт астық тапсырылды. Бұл көрсеткіш 1940 жылмен салыстырғанда 24 млн. пұтқа артық болды.</p>	1	
	<p><i>3-аргумент</i> Балқаш, Қарсақпай кен орындары соғыс жылдары өндірілген қара мыстың жартысынан астамын берді. <i>Дәлел</i> Кеңес Армиясына Қазақстаннан 427 млн. снаряд пен мина, 17 млрд-қа жуық патрон, 13 млн. тоннадан астам жанар май, 40 млн. тоннаға жуық тамақ, азық-түлік жіберілді.</p>	1	
19	<p><i>Ұлы Отан соғысындағы жеңіске батырлардың қосқан үлесі</i> <i>1-аргумент</i> Фашизмді талқандауда КСРО құрамындағы халықтар шешуші рөл атқарды. 500-дей қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. <i>Дәлел</i> Қазақстаннан 1 млн 200 мың адам Ұлы Отан соғысына аттанды. Әрбір бесінші қазақстандық майданға аттанды. Олар әртүрлі соғыс фронттарында шайқасты. Рақымжан Қошқарбаев рейхстаққа жеңіс туын тіккен болатын. Бауыржан Момышұлы Ұлы Отан соғысына генерал-майор И.В. Панфилов басқарған әйгілі дивизиясының құрамында 1941 жылдың қыркүйек айынан бастап қатысты. Батальон командирі ретінде аға лейтенант Бауыржан Момышұлы Мәскеу үшін шайқаста 207 рет ұрысқа қатысты. 1941 жылдың 16-18 қараша күндері вермахтың Мәскеу бағытында екінші мәрте жасаған жорығы кезінде Момышұлы басқарған батальон дивизиядан қашықта, Матронино деревнясының жанында Волоколамск тасжолында асқан ерлікпен ұрыс жүргізді.</p>	1	<p>Дерек жазып оған дәлел келтіргені үшін 1 балдан беріледі</p> <p>Басқа да дұрыс жауаптар қабыладанады</p>

	Білікті комбаттың басшылығы арқасында 3 күн бойы фашистер шабуылын тойтарып, батальон үлкен шығынсыз, ұрысқа қабілетті жағдайда қоршаудан шыққан.		
	<p><i>2-аргумент</i></p> <p>Шығыс әйелдері арасынан бірінші болып Мәншүк Мәметова мен Әлия Молдағұлова Кеңес Одағының Батыры атанды.</p> <p><i>Дәлел</i></p> <p>Мәншүк Мәметова 1942 жылы тамызда ол өз еркімен Қызыл Армия қатарына алынып, 21-атқыштар дивизиясының құрамында ұрысқа қатысты.</p> <p>Аға сержант, пулеметші Мәншүк ұрыстарда өзінің мергендігімен және тобында батылдығымен көзге түсті. Невель қаласы үшін болған кескілескен шешуші ұрыста Мәншүк ақтық демі біткенше пулеметтен оқ боратып, қаһармандықпен қаза тапты.</p>	1	
	<p><i>3-аргумент</i></p> <p>Ұшқыштар Т. Бегелдиновке, Л.И. Бедаға, И.Ф. Павловқа, С.Д. Луганскийге Кеңес Одағының Батыры атағы 2-мәрте берілді</p> <p><i>Дәлел</i></p> <p>Талғат Бигелдинов қан майданға аттанар алдында Ижевск қаласынан «ИЛ-2» штурмовигімен ұшуды үйреніп шығады. Сол күннен бастап әскерилер арасында «ұшқыш танк» деп аталып кеткен «Илюшаға» басы бүтін бауыр басып, 1942 жылы майданға аттанады. Осы өзі бір көргеннен қатты ұнатқан ұшақпен көк жүзінде 500 сағат болады. 305 рет әскери шабуылға шығып, жау ұясы – Берлинді алуға бірінші болып қатысады. Фашистер өздеріне аяусыз өлім оғын сепкен Талғат мінген ұшақты «Қара ажал» деп атаған. 23 жасында Кеңес Одағының екі мәрте батыры атағын иеленіп, соғыста небір көзсіз ерлік көрсеткен қыран қазақ қан майданнан аман-есен оралды.</p>	1	
20	<p>«Қазақстан-2030» <i>Стратегиясын қабылдаудың қажеттілігі</i></p> <p>Қазақстанның алдында оқиғалар барысына өзгеріс енгізу сияқты ауқымды міндет тұрды. Жаңа елдің іргесін қалау керек болды. Ол міндетті шешу үшін біз үш бірдей жаңғырту жүргізуге тиіс едік: мемлекеттің іргесін қалау мен нарықтық экономикада серпіліс жасау, әлеуметтік мемлекеттің негіздерін қалау, қоғамдықты шешу үшін біз үш бірдей</p>	1	Басқа да дұрыс жауаптар қабылданады

	<p>жаңғырту жүргізуге тиіс едік: мемлекеттің іргесіназақстан-2030" Стратегиясында белгіленген болатын. Бұл құжат стратегиялық мақсаттар мен міндеттерді пайымдаған, көзқарасымыздағы маңызды серпіліс болды. Халық нақылында айтылғандай: "Мақсат – жетістіктің желкені". Орынды мақсаттар ғана табысқа жеткізеді.</p>		
	<p><i>«Қазақстан-2050» Стратегиясын қабылдаудың қажеттілігі</i> Қазақстан ХХІ ғасырдың басында тәуелсіз әрі өзіне сенімді болып отыр. Жаһандық дағдарыстың жалғасуының әсерінен әлемде болып жатқан өзгерістер елімізді үрейлендірмейді. Қазақстан оларға дайын. Біздің ендігі міндетіміз – егемендік жылдары қол жеткізгеннің барлығын сақтай отырып, ХХІ ғасырда орнықты дамуды жалғастыру. Біздің басты мақсатымыз – 2050 жылға қарай мықты мемлекеттің, дамыған экономиканың және жалпыға ортақ еңбектің негізінде берекелі қоғам құру. Мықты мемлекет экономикалық жедел өсу жағдайын қамтамасыз ету үшін аса маңызды болмақ. Мықты мемлекет күнкөріс саясатымен емес, жоспарлау саясатымен, ұзақмерзімді дамумен және экономикалық өсумен айналысады.</p>	1	
Жалпы балл		30	